

Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 2000 жылғы 10 шілде N 100-ө

"Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 U000359_ Жарлығын іске асыру мақсатында:

1. Орталық атқарушы органдардың басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі - Жоспар) белгіленген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және тоқсан сайын, есептік тоқсанынан кейінгі айдың 5-ші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат беріп отырсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі

агенттігі есептік тоқсанынан кейінгі айдың 10-ыншы күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат беріп отырсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.А. Өтембаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК